

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2024 жылғы 27 желтоқсандағы №
112 бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2024 жылы 27
желтоқсанда № 35543 болып
тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы №110 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32733 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

2-тармақта:

38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«38) өнім беруші – осы Қағидаларға сәйкес сатып алуды ұйымдастырушымен, тапсырыс берушімен, лизинг берушімен немесе бірыңғай дистрибьютормен нысанасы дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды беру, фармацевтикалық қызметтер көрсету болып табылатын шарт (ұзақ мерзімді шарт, келісім, меморандум, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қаржы лизингі шарты, өзге мәміле) жасасқан, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);»;

45) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«45) сарапшы – әлеуетті өнім беруші ұсынатын дәрілік заттар және (немесе) медициналық мақсаттағы бұйымдар сипаттамасының немесе медициналық техниканың техникалық ерекшелігінің хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидаларда белгіленген шарттарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы сараптамалық қорытынды беру үшін тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы не бірыңғай дистрибьютор өтеусіз негізде тартатын, сатып алу өткізілетін саладағы арнаулы және (немесе) техникалық білімі, кемінде бес жыл тәжірибесі бар және біліктілігі тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және басқа да құжаттармен) расталған жеке тұлға;»;

46) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«46) сатып алу – тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, лизинг берушінің және бірыңғай дистрибьютордың, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және тәсілдермен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі,

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;»;

55) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«55) тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, лизинг берушінің немесе бірыңғай дистрибьютордың үлестес тұлғасы – тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, лизинг беруші немесе бірыңғай дистрибьютордың шешімдерін тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) олар қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде шартқа немесе қаржы лизингі шартына байланысты ықпал етуге мүмкіндігі бар тұлға (берілген өкілдіктер шеңберінде оның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ өзіне қатысты тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының немесе лизинг берушінің немесе бірыңғай дистрибьютордың осындай мүмкіндігі болатын кез келген тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 69), 70), 71), 72) және 73)-тармақшалармен толықтырылсын:

69) қаржы лизингі шарты – лизинг беруші осы Қағидаларға сәйкес өнім берушіден лизинг алушы көрсеткен лизинг нысанасын жеке меншігіне сатып алуға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес осы лизинг нысанасын лизинг алушыға уақытша иеленуге және пайдалануға ақылы түрде беруге міндеттенетін үшжақты шарт;

70) лизинг беруші – тартылған және (немесе) өз ақшасы есебінен лизинг нысанасын меншігіне сатып алатын және оны лизинг алушыға қаржы лизингі шартының талаптарымен беретін мемлекеттің жарғылық капиталына жүз пайыз қатысатын заңды тұлға (лизинг мәмілесіне қатысушы). Бір лизинг мәмілесінің шеңберінде лизинг беруші бір мезгілде оның басқа қатысушысы ретінде іс-қимыл жасауға құқылы емес;

71) лизинг алушы – лизинг шартының талаптарына орай лизинг нысанасын қабылдайтын лизинг мәмілесіне қатысушы;

72) лизинг төлемдері – лизинг шартын жасаған кездегі баға бойынша лизинг нысанасы құнының барлық немесе елеулі бөлігінің өтелуін ескере отырып

есептелуге тиіс және лизинг шартының қолданылу мерзімі бойына жүзеге асырылатын, лизинг шарты қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде лизинг шарты бойынша төлемдердің жалпы сомасын білдіретін мерзімдік төлемдер, оған мыналар енеді:

1) лизинг шартына сәйкес лизинг берушіге лизинг нысанасын сатып алуға жұмсалған шығындарды және лизинг нысанасын сатып алуға, жеткізіп беруге және нысаналы түрде пайдаланылуы үшін оны жұмыс істейтін күйге келтіруге тікелей байланысты кез келген басқа шығындарды өтеу;

2) лизинг бойынша сыйақы;

73) лизинг мерзімі – лизинг нысанасы қаржы лизингі шартына сәйкес лизинг алушыға уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін мерзім, бұл ретте лизинг берушіде лизинг нысанасына меншік құқығының сақталуы кезінде қаржы лизингі шартының мерзімінен бұрын бұзылуы лизинг мерзімін өзгертуге әкеп соқпайды;»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырады:

1) тендер;

2) баға ұсыныстарын сұрату

3) бір көзден алу;

4) бірыңғай дистрибьютордан оның тізімі бойынша сатып алу;

5) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда бірыңғай дистрибьютор арқылы;

6) ерекше сатып алу;

Фармацевтикалық қызметтерді көрсету үшін әлеуетті өнім берушінің бірлесіп орындаушыны тартуына жол беріледі. Әлеуетті өнім беруші бірлесіп орындаушының осы Қағидаларда белгіленген шарттарға сәйкестігі туралы ақпаратты техникалық ерекшелікте көрсетеді.»;

мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

«5-1. Лизинг беруші қаржы лизингі шарттарында денсаулық сақтау ұйымдарына кейіннен беруге арналған медициналық техниканы сатып алуды осы Қағидалардың 3-бөлімінің 1-тарауына сәйкес жүзеге асырады.

Осы Қағидалардың 3-бөлімінің 12-тарауында көзделген сатып алу 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін қағаз жеткізгіштерде жүргізіледі.

5-2. Тапсырыс берушілер осы Қағидалардың 3-бөлімінің 1, 3, 4, 4-1-тарауларына сәйкес бірыңғай дистрибьютордан 88 Бұйрыққа енгізілмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жүзеге асырады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Бірыңғай дистрибьютор сатып алуды мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырады:

- 1) веб-портал арқылы тендер;
- 2) веб-портал арқылы бір көзден алу;
- 3) отандық және шетелдік тауар өндірушілерден немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымдық бөлімшелері арқылы;
- 4) өнім берудің ұзақ мерзімді шарттары бойынша.»;

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін сатып алуда тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, лизинг берушінің немесе бірыңғай дистрибьютордың өкілі болып табылса;»;

9-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) комиссияның (комиссиялардың) мүшелерімен және хатшысымен, сондай-ақ тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, лизинг берушінің немесе бірыңғай дистрибьютордың тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдер қабылдайтын және (немесе) комиссия (комиссиялар) қабылдайтын шешімдерге ықпал ететін өкілдерімен үлестес болмауы;»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Осы Қағидалардың 11-тармағының 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларында көзделген шарттарды өнім беруші өнім беру, сатып алу немесе қаржы лизингі шартын орындау кезінде растайды.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, бірыңғай дистрибьютор дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға осы Қағидаларда көзделмеген шарттарды белгілемейді.

Лизинг беруші медициналық техникаға осы Қағидаларда көзделмеген шарттарды белгілемейді.»;

2-бөлімнің 1, 2, 3 және 4-тараулары алып тасталсын;

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«91. Тапсырыс берушілер медициналық техниканы сатып алуды жүзеге асыру үшін:

1) «Медициналық бұйымдардың оңтайлы техникалық сипаттамалары мен клиникалық-техникалық негіздемесіне сараптамалық бағалауды жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № ҚР ДСМ-1 бұйрығына сәйкес клиникалық-техникалық негіздеме (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22040 болып тіркелген).

Сатып алу өткізілмеді деп танылған кезде клиникалық-техникалық негіздемелер сатып алу аяқталғанға дейін клиникалық-техникалық негіздеменің қолданылу мерзімі шегінде қолданылады.

2) әр түрлі өндірушілерден кемінде үш коммерциялық ұсыныс;

3) медициналық техниканың бағаларын талдау нәтижелері бойынша қорытынды;

4) сараптама ұйымы растайтын медициналық техниканы сатып алуды қоспағанда, медициналық техниканы сатып алуға арналған техникалық ерекшелік сипаттамаларының әртүрлі өндірушілердің кемінде екі моделіне сәйкестігіне қорытындылар алады.

мынадай мазмұндағы 99-1-тармақпен толықтырылсын:

«99-1. Құны 5 000 000 (бес миллион) теңгеден бастап 200 000 000 (екі жүз миллион) теңгеге дейінгі медициналық техника денсаулық сақтау ұйымы берген өтінімге сәйкес лизинг берушінің жеке қаражаты және (немесе) тартылған қаражат есебінен сатып алынуы мүмкін.»;

122-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«122. Тапсырыс берушілер бірыңғай дистрибьютордың тізбесі бойынша сатып алуды жүзеге асыру үшін «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24069 болып тіркелді) сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті және амбулаториялық қамтамасыз ету үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға бюджеттік өтінімді қалыптастырады.»;

125 және 126-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«125. Амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету бойынша бюджеттік өтінімді қор бірыңғай дистрибьюторға жібереді.

126. Бірыңғай дистрибьютор жыл сайын 1 мамырдан кешіктірмей амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету бойынша өтінімдер мен бюджеттік өтінімдерді алғаннан кейін дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алуды төмендемейтін қордың көлемін, өткен жылдың нақты қажеттілігін және қаржы жылының соңындағы болжамды қалдықты ескере отырып, жүзеге асырады.»;

128-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«128. Сатып алу өткізілгеннен кейін бірыңғай дистрибьютор тиісті қаржы жылына арналған прайс-парақты бекітеді және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға, қорға, тапсырыс берушілерге, прайс-парақты, сондай-ақ өткізілді деп танылған сатып алу немесе сатып алу көлемі туралы ақпаратты жібереді.»;

136-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«136. Бірыңғай дистрибьютор осы Қағидаларға 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тапсырыс берушілерде нақты тұтыну мен қалдықтарды ескере отырып, бөлінген бюджет қаражаты шеңберінде бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағы бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тапсырыс берушімен шарт жасасады.»;

137, 138, 139, 140 және 141-тармақтар алып тасталсын;

142-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«142. Бірыңғай дистрибьютор ай сайын уәкілетті органға фармацевтикалық қызметтер көрсету жөніндегі шарттық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат жібереді.»;

143-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«143. Бірыңғай дистрибьютор тоқсан сайын уәкілетті органның келісуі бойынша қаржы жылының аяғындағы болжамды қалдықты, нақты тұтыну көлемін ескере отырып, дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың төмендемейтін қорын сатып алуды жүзеге асырады.»;

3-бөлімнің 1-тарауының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Бірыңғай дистрибьютор, тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы немесе лизинг беруші веб-портал арқылы жүзеге асыратын тендер»;

мынадай мазмұндағы 148-1-тармақпен толықтырылсын:

«148-1. Медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырған жағдайда лизинг беруші үшін тендерлік комиссияның төрағасы болып лизинг берушінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам айқындалады.

Комиссияның құрамына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның (келісуі бойынша), оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының (келісуі бойынша) және лизинг берушінің жұмыскерлері кіреді.»;

149-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«149. Бірыңғай дистрибьютордың, тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының немесе лизинг берушінің штаттық жұмыскері тендерлік комиссияның хатшысы болып айқындалады, ол:

- 1) веб-порталда тендер өткізу туралы хабарландыруды жариялады;
- 2) тендерлік комиссия мүшесінің қандай да бір лот бойынша сараптамалық қорытынды беру туралы талабы бойынша тиісті сарапшыға сараптамалық қорытынды беру қажеттігі туралы хабарлама жіберуді;
- 3) тендерлік комиссияның дауыс беруінің қорытындысы бойынша танысу үшін дауыс беру хаттамасының жобасын қалыптастыруды, ал комиссия мүшелерінің бірінің талап етуі бойынша веб-порталда дауыс беруді қайта бастауды;
- 4) дауыс беру хаттамасын веб-порталда жариялады;
- 5) тендерді тоқтату немесе жарамсыз деп тану туралы шешім қабылданған жағдайда, көшірмесін қоса тіркей отырып, веб-порталда оны тұтастай немесе қандай да бір лот бойынша тоқтатуды;
- 6) шарттар жасасу үшін тендердің қорытындысы туралы хабардар етуді уақтылы қамтамасыз етеді.»;

150-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«150. Тендер өткізу туралы хабарландыру бірыңғай дистрибьютор, тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы немесе лизинг беруші шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде веб-порталда қазақ және орыс тілдерінде жарияланады және веб-порталда тіркелген барлық әлеуетті өнім берушілерге хабарлама тартылады, онда:

- 1) хабарландырудың атауы, нөмірі және орналастыру уақыты;
- 2) бірыңғай дистрибьютордың немесе лизинг берушінің атауы, заңды мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру коды, банктік шоты;

3) дәрілік заттың және (немесе) медициналық бұйымның нөмірі, атауы, медициналық техниканың техникалық ерекшелігімен қоса, оның сипаттамасы, өлшем бірлігі, саны, бөлінген бағасы және жалпы сомасы көрсетілген лоттар;

4) фармацевтикалық көрсетілетін қызметті жеткізу немесе көрсету орны;

5) фармацевтикалық көрсетілетін қызметті жеткізу немесе көрсету мерзімдері;

6) қалған уақыттың кері есептей отырып, өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу уақыты;

7) комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы;

8) комиссия хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы, телефоны мен электрондық поштасы бар ақпарат қамтылады.»;

152-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бірыңғай дистрибьютордың, тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының немесе лизинг берушінің атауы, БСН және заңды мекенжайы;»;

155-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бірыңғай дистрибьютордың, тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының немесе лизинг берушінің атауы, БСН және заңды мекенжайы;»;

157-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«157. Тендерде әлеуетті өнім берушілердің өтінімдеріне толықтыруларды бірыңғай дистрибьютордың, тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының немесе лизинг берушінің комиссиясы:

елу лотқа дейін – 3 (үш) жұмыс күні ішінде,

елу және одан көп лотқа – 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

медициналық техника сатып алынған кезде лоттардың санына қарамастан, 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.»;

159-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бірыңғай дистрибьютордың, тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының немесе лизинг берушінің атауы, БСН және заңды мекенжайы;»;

161-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бірыңғай дистрибьютордың, тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының немесе лизинг берушінің атауы, БСН және заңды мекенжайы;»;

173-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өтінімге төлем тапсырмасының көшірмесі қоса берілген және төлем мақсатында тиісті лоттың нөмірі көрсетілген бірыңғай дистрибьютордың немесе лизинг берушінің банктік шотына ақшалай жарна;»;

178-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) веб-портал әлеуетті өнім берушіге және бірыңғай дистрибьюторға немесе лизинг берушіге веб-порталда көзделген нысан бойынша веб-портал арқылы ақшаны қайтару туралы хабарламаны автоматты түрде жібереді, ал бірыңғай дистрибьютор немесе лизинг беруші әлеуетті өнім берушінің банктік шотына ақша аудару жолымен бес жұмыс күні ішінде ақшалай жарнаны қайтарады;»;

180-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«180. Бірыңғай дистрибьютор, тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы немесе лизинг беруші:

1) ақшалай жарна түріндегі кепілдікті қамтамасыз етуді ұстап қалса веб-портал арқылы тендер жеңімпазына веб-порталда көзделген нысан бойынша ақшаның ұсталғаны туралы хабарлама жібереді;

2) электрондық банктік кепілдік түріндегі кепілдікті қамтамасыз етуді ұстап қалса веб-портал арқылы банкке және тендер жеңімпазына (мәлімет үшін) веб-порталда көзделген нысан бойынша оны төлеу туралы талап жібереді.»;

184-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«184. Мыналар:

1) сатып алу рәсімдерінің нәтижесіне мүдделі (бірыңғай дистрибьютордың, лизинг берушінің, әлеуетті өнім берушінің өкілдері);

2) бірыңғай дистрибьютордың, тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының немесе лизинг берушінің бірінші басшысының жақын туысы, жұбайы (зайыбы) немесе туысы болып табылатын адам сарапшы болмайды.»;

186-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«186. Тендерлік комиссияның хатшысы сараптамалық қорытынды алу қажеттігі туралы хабарламаны алғаннан кейін веб-портал арқылы тиісті сарапшыға лот бойынша сараптамалық қорытынды беру қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Сол лот бойынша тендерлік комиссияның басқа мүшесінен сарапшының қорытындысының қажеттігі туралы хабарлама келіп түскен кезде сарапшыға қайта хабарлама жіберілмейді.

ДЗ мен ММБ сатып алу кезінде хабарлама тартылатын сарапшылар зерделеуге тиіс мәселелерді нақтылаумен жіберіледі.»;

197-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«197. Қазақстан Республикасында тіркелген аналогтары жоқ медициналық техниканы сатып алуды қоспағанда, комиссия өтінімін хабарландыру шарттарына және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келеді деп таныған әлеуетті өнім беруші лот бойынша бәсекелестік болмаған кезде ДЗ мен МБ өткізілмеген лоттары бойынша қайта сатып алуды жүргізу кезінде жеңімпаз деп танылады.

Лизинг беруші медициналық техниканы сатып алуды жүзеге асырған кезде комиссия өтінімін хабарландыру шарттарына және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келеді деп таныған әлеуетті өнім беруші лот бойынша бәсекелес болмаған кезде жеңімпаз деп танылады.»;

198-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«198. Тендер тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) тендерлік өтінімдердің болмауы;

2) әлеуетті өнім берушілердің барлық тендерлік өтінімдерінің қабылданбауы;

3) Қазақстан Республикасында тіркелген аналогтары жоқ медициналық техниканы сатып алуды, сондай-ақ лизинг беруші жүзеге асыратын сатып алуды қоспағанда, егер тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі әлеуетті өнім берушілер лот бойынша ұсынғандардың ішінен бір өндірушінің бір моделіне ғана сәйкес келсе;

4) осы Қағидалардың 197-тармақта көзделген жағдайды қоспағанда, хабарландыру шарттарына және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келетін лот бойынша жалғыз өтінім берілген жағдайда өткізілген жоқ деп танылады.»;

200-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) медициналық техниканың немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің техникалық ерекшелігі ұсынылмаса немесе:

медициналық техниканың немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің техникалық ерекшелігі хабарландырудағы техникалық ерекшелікке, оның ішінде сараптамалық қорытындыға сәйкес келмесе;

Қазақстан Республикасында тіркелген аналогтары жоқ медициналық техниканы сатып алуды, сондай-ақ лизинг беруші жүзеге асыратын сатып алуды қоспағанда, тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі әлеуетті өнім берушілер лот бойынша ұсынғандардың ішінен бір өндірушінің бір моделіне ғана сәйкес келсе;»;

210-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«210. Тендер немесе оның қандай да бір лоты өтпеді деп танылған кезде бірыңғай дистрибьютор, тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы тендердің мазмұны мен шарттарын өзгертуге, медициналық техниканы сатып алуды қоспағанда және сатып алуды осы Қағидалардың 3-бөлімінің 2-тарауының 2-параграфына сәйкес өткізуге жол беріледі.»;

3-бөлімнің 2-тарауының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2 тарау. Отандық және шетелдік тауар өндірушілерден немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымдық бөлімшелері арқылы сатып алу»;

3-бөлімнің 2-тарауының 2 параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-параграф. Отандық немесе шетелдік тауар өндірушіден дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу тәртібі»;

211-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«211. Дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүзеге асырылады:

1) отандық немесе шетелдік тауар өндірушілерде сатып алу:

- тендер қорытындысы бойынша дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алу өтпеді деп танылған;

- Кодекстің 246-бабының 1-тармағына сәйкес саудалық атауы бойынша дәрілік заттар сатып алынған;

- дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу мақсатында сатып алынған;

- дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес төтенше жағдайларды болғызбау және олардың салдарын жою мақсатында сатып алынған.

2) Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған халықаралық ұйымдар арқылы сатып алу:

- дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды отандық тауар өндірушіден немесе шетелдік тауар өндірушіден сатып алу өтпеді деп танылған;

- Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған халықаралық ұйымдармен келісімдер шеңберіндегі тізбе бойынша сатып алған кезде жүзеге асырылады.»;

212-тармақ алып тасталсын;

215-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«215. Отандық және (немесе) шетелдік тауар өндіруші хабарландыру орналастырылған және (немесе) хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) халықаралық патенттелмеген атауы, дәрілік заттар үшін дәрілік нысаны (сипаттамасы), медициналық бұйымдар үшін техникалық сипаттамасы, өлшем бірлігі, өлшем бірлігі үшін бағасы, саны, жалпы сомасы, тіркеу куәлігінің нөмірі, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге денсаулық сақтау саласындағы

уәкілетті органның рұқсаты (қорытындысы), саудалық атауы, өндірушісі, беру графигі, Инкотермс 2020 халықаралық қағидаларына сәйкес беру шарттары көрсетілген баға ұсынысы;

2) отандық тауар өндіруші үшін – мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, шетелдік тауар өндіруші үшін – шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын шетелдік тауар өндірушінің құжаты, немесе егер шетелдік тауар өндірушінің Қазақстан Республикасының аумағында өкілдігі (филиалы) не уәкілетті өкілі болса, онда өкілдікті (филиалды) не уәкілетті өкілді мемлекеттік тіркеу туралы анықтама және өкілдік не уәкілетті өкіл туралы ереже;

3) дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды өндіру және (немесе) өткізу құқығын растайтын құжаттар: рұқсат (лицензия), GMP немесе GDP сертификаты (дәрілік заттар үшін бар болған жағдайда);

4) шетелдік және (немесе) отандық тауар өндіруші өкілінің сатып алуға қатысуға және өнім беру шартын (келісімін) жасасуға өкілеттіктері туралы құжат.

Бұл ретте шетелдік тауар өндірушілер осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың заңдастырылған немесе қазақ және (немесе) орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасын апостиль қойылған көшірмелер түрінде ұсынады.

Ағымдағы жылы шетелдік және (немесе) отандық тауар өндірушімен шарт қолданылған болса, осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.»;

217-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«217. Комиссия отандық және (немесе) шетелдік тауар өндірушінің құжаттарын хабарландыру шарттары мен осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі тұрғысынан 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қарайды.

Отандық және (немесе) шетелдік тауар өндірушіге комиссияның ескертулері бойынша ұсынылған құжаттарды толықтыру мүмкіндігі беріледі.

Қосымша құжаттар қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабардар етілген кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Қарау қорытындысы бойынша комиссия рұқсат беру хаттамасын қалыптастырады.

Ең аз баға ұсынысын ұсынған өндіруші жеңімпаз болып танылады.

Баға ұсынысында шетел валютасы көрсетілсе, онда ол өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен кейінгі келесі жұмыс күні Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сайтында көрсетілген теңгеге шетел валютасының бағамымен есептеледі.

Бірнеше өндірушілердің баға ұсынысы бірдей болса, өтінімі бұрын берілген өндіруші жеңімпаз болып анықталады.

Бір баға ұсынысы берілсе, мұндай өндіруші жеңімпаз болып танылады.»;

220-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«220. Комиссия аудио- және бейнетіркеуді қолдана отырып, рұқсат беру хаттамасының негізінде дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың түпкілікті бағасын, жеткізу және ақы төлеу шарттарын айқындау бойынша жеңімпазбен келіссөздер жүргізеді.

Бір баға ұсынысы берілген кезде комиссия сатып алынатын дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың жеткізілімдерінің, кестелері бойынша жалпы санын, санын айқындау жөнінде қосымша келіссөздер жүргізеді.

Бірыңғай дистрибьютор сатып алынатын дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың санын олардың сапасын сақтау мақсатында қайталама қаптамаға дейін дөңгелектеуге жол береді.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шетелдік тауар өндірушіден сатып алу туралы шешімді комиссия бос ақша қаражаты қорының болуын ескере отырып қабылдайды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша сатып алу қорытындыларының хаттамасына қол қойылады.»;

226-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«226. Отандық немесе шетелдік тауар өндірушімен жасалған дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды беру шарты (келісімі) мынадай:

1) тараптардың бірі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған;

2) дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар бірыңғай дистрибьютордың тізбесінен алып тасталған;

3) осы Қағидалардың 225-тармағында көзделген келіссөздерді жүргізуден бас тартқан не бағаны азайтуға келіспеген кезде бұзылуға тиіс.»;

228-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«228. Отандық немесе шетелдік тауар өндірушіден дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алу өтпеді деп танылған кезде бірыңғай дистрибьютор сатып алуды Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған халықаралық ұйымдардың құрылымдары арқылы өткізеді.»;

мынадай мазмұндағы 237-1-тармағымен толықтырылсын:

«237-1. Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған халықаралық ұйымдардың құрылымдары арқылы дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алу өтпеді деп танылған кезде сатып алу осы Қағидалардың 3-бөлімінің 4-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.»;

3-бөлім мынадай мазмұндағы 4-1-тарауымен толықтырылсын:

«4-1 тарау. Дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуы

245-1. Дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу мынадай жағдайларда:

1) дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды құндық мәнде сатып алудың жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған заңнамада белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспағанда;

2) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органдардың шешімі негізінде Қазақстан Республикасында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдануды тоқтата тұрғанда (қажеттіліктің екі айлық көлемі сатып алынады);

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес балаларда қолдануға қарсы көрсетілімдер болған кезде дәрілік заттарды сатып алуды жүзеге асырғанда;

4) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде пациенттің жеке өзіне жақпаған кезде дәрілік заттарды сатып алуды жүзеге асырғанда;

5) дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алу жөніндегі тендерлер өткізілмеген деп танылған жағдайларда дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды алпыс күндік қажеттілікке дейін, сондай-ақ фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің тоқсан күндік қажеттілігіне дейін сатып алынғанда жүзеге асырылады.

245-2. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде жылдық көлемді бөліктерге бөлуге жол берілмейді.

245-3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыру тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда қазақ және орыс тілдерінде жарияланады, онда:

- 1) хабарландырудың атауы, нөмірі және орналастыру уақыты;
- 2) атауы, заңды мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру коды, банк шоты;
- 3) дәрілік заттың және (немесе) медициналық бұйымның нөмірі, атауы, медициналық техниканың техникалық ерекшелігімен қоса, оның сипаттамасы, өлшем бірлігі, саны, бөлінген бағасы және жалпы сомасы көрсетілген лоттар;
- 4) фармацевтикалық көрсетілетін қызметті жеткізу немесе көрсету орны;
- 5) фармацевтикалық көрсетілетін қызметті жеткізу немесе көрсету мерзімдері;
- 6) қалған уақытты кері есептей отырып, өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу уақыты бар ақпарат қамтылады.

245-4. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, оның жеткізуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін веб-портал баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстыруды және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларын шығаруды жүргізеді.

Ең төмен баға ұсынысын берген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

Ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім беруші ұсынған жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын келіп түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші ең төменгі баға ұсынысынан кейінгі баға негізінде анықталады.

245-5. Дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды әлеуетті өнім берушілер бірде-бір баға ұсынысын ұсынбаған кезде өткізілмеген деп таниды.

Веб-портал нөмірін, жарияланған уақытын және мәртебесін көрсете отырып, қорытынды хаттамасын автоматты түрде қалыптастырады және жариялайды.

245-6. Дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылған кезде бірыңғай дистрибьютор, тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды жүзеге асырады.

245-7. Бірыңғай дистрибьютор, тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы қорытындыларды шығарған күннен бастап 1 (бір) күн ішінде әлеуетті өнім берушіге осы Қағидалардың 5 және (немесе) 6-қосымшасына сәйкес тәртіппен және нысанда жасалатын қол қойылған сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартты жібереді.»;

3-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-параграф. Шарт жасасу»;

254, 255, 256 және 257-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«254. Тараптар сатып алу қорытындылары шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы өнім беру шартына қол қояды.

255. Шарт жасасудан бас тартқан кезде жеңімпаз тиісті негіздемемен шартқа қол қоюдан бас тартуды жібереді.

256. Жеңімпаз шарт жасасудан бас тартқан немесе жеңімпаз осы Қағидаларда көзделген мерзімдерде шартқа қол қоймаған кезде бірыңғай

дистрибьютор, тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы веб-порталда шарттың жаңа жобасын қалыптастырады және оны екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге (қорытынды хаттамасында бар болған жағдайда) жібереді.

257. Сатып алынатын дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың санын өнім беру шартына қосымша келісім жасасу жолымен олардың сапасын сақтау мақсатында олардың санын ұлғайту не азайту жағына қарай қайталама қаптамаға дейін дөңгелектеуге жол беріледі.»;

259-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«259. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган беру шартын орындау барысында дәрілік заттың және (немесе) медициналық бұйымның халықаралық патенттелмеген атауының және (немесе) саудалық атауының шекті бағасын өзгерткен кезде өнім беру шартының қолданылуы тараптар бұрынғы баға бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін күшін сақтайды.»;

260-тармақтың 7) тармақшасы алып тасталсын;

3-бөлімнің 5-тарауының 4-параграфы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-параграф. Беру шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету

261. Өнім берушінің беру шарты бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етудің мөлшері беру шарты бағасының 3 (үш) пайызын құрайды және өнім беру шартына тараптар веб-порталда қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылуға тиіс.

262. Өнім беруші беру шартын жасасу кезінде шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету шарасы ретінде міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етудің мынадай тәсілдерінің бірін ұсынады:

- 1) бірыңғай дистрибьютордың банктік шотына ақшалай кепілдік жарна;
- 2) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің уәкілетті тұлғаларының электрондық цифрлық қолтаңбаларының көмегімен тікелей веб-порталда банк беретін электрондық банк кепілдігі.

263. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету:

- 1) өнім беруші беруден бас тартқан;

2) бірыңғай дистрибьютор осы Қағидалардың 260-тармағына сәйкес шартты біржақты тәртіппен бұзған;

3) өнім берушінің шартта көзделген дәрілік затты немесе медициналық бұйымды беру мерзімдерін бір немесе бірнеше рет бұзуы дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның мерзімінде берілмеген көлемдеріне қарамастан, жиынтық мәнде күнтізбелік 90 (тоқсан) күн мерзімін өткізуге жеткен жағдайларда ұсталады.

264. Бірыңғай дистрибьютор кепілдікті қамтамасыз етуді:

1) ақшалай жарна түрінде ұсталған кезде ақшаның ұсталғаны туралы хабарлама жібереді;

2) электрондық банктік кепілдік түрінде ұсталған кезде веб-портал арқылы банкке және әлеуетті өнім берушіге (мәлімет үшін) оны төлеу туралы талап жібереді.

265. Бірыңғай дистрибьютор банк кепілдігін төлеу туралы талапты банкке шарт бұзылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қояды.»;

266 және 267-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«266. Дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шарттарын жасасуға конкурс өткізу мақсатында дәрілік заттар, медициналық бұйымдар номенклатурасының жобасы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жыл сайын 5 желтоқсанның кешіктірмей дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бойынша денсаулық сақтау жүйесінің қажеттілігін талдау негізінде қалыптастырады және Кодекстің 264-бабының 2-тармағына сәйкес жұмыс істейтін формулярлық комиссияның қарауына жыл сайын 31 қаңтарға дейін жібереді.

267. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде бірыңғай дистрибьюторға дәрілік заттар, медициналық бұйымдар номенклатурасының жобасын жібереді.»;

268-тармақ алып тасталсын;

295-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«295. Салалық қорытынды техникалық-экономикалық негіздеме негізінде мынадай өлшемшарттар бойынша беріледі:

1) нарық пен саланы талдау, оның ішінде нарықтың даму үрдісі; өсу әлеуеті; өнімге сұраныс болжамы;

2) әлеуметтік аспектілер, оның ішінде жобаның әлеуметтік әл-ауқатқа қосқан үлесі; жобаның жұмыспен қамтуға және халықтың өмір сүру деңгейіне әсері;

3) экономикалық аспектілер, жобаның экономикалық тиімділігін бағалауды қоса алғанда, жобаның өңірдің экономикалық дамуына әсері.»;

301-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«301. Дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар өндірісін құруға ниеті бар әлеуетті өнім берушілердің өтініміне мынадай бағалау өлшемшарттары (балдық жүйе) қолданылады:

1) инвестициялық жобаның іске асырылуын толық жабатын қаржы қаражатының бар-жоғын растау (әрбір техникалық-экономикалық негіздеме немесе бизнес-жоспар үшін қолданылады):

инвестициялық жобаның іске асырылуын толық жабатын өзінің қаржы қаражаты (әлеуетті өнім берушінің шотында тиісті қаржы қаражатының бар-жоғы туралы банктің анықтамасы, актілермен және (немесе) қаржылық құжаттармен расталған мүлікті сатып алу-сату шарттары) – 2 балл;

немесе

инвестициялық жобаның іске асырылуын толық жабатын тартылатын қаржы қаражатын (қарыз берушінің осындай қаражатының бар екенін растайтын құжаттармен қоса, қаржы қаражатын қарызға алу шарты, кредиттік лимит беру туралы шарт) – 1 балл;

2) дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар өндірісін құру үшін пайдаланылатын жер учаскесінің бар-жоғын растау (әрбір техникалық-экономикалық негіздеме немесе бизнес-жоспар үшін қолданылады):

меншігінде (инвестициялық жобаға сәйкес келетін нысаналы мақсаты көрсетілген жер учаскесіне акт, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және конкурс жарияланған күннен кейін берілген оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама) – 2 балл;

немесе

жалдауда, сенімгерлік басқаруда, уақытша жер пайдалануда (инвестициялық жобаға сәйкес келетін нысаналы мақсаты көрсетілген жер учаскесіне акт) немесе жергілікті атқарушы органның жер учаскесін бөлу туралы оң шешімі – 1 балл;

3) құрылысқа жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік сараптама қорытындысының болуы (әрбір техникалық-экономикалық негіздеме немесе бизнес-жоспар үшін қолданылады) – 1 балл;

4) техникалық-экономикалық негіздемеге және немесе бизнес-жоспарға сәйкес дәрілік заттар және (немесе) медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісіне арналған технологиялық жабдықтың бар-жоғын растау (технологиялық жабдықтың меншік құқығында (өзге заттық құқықта) болуын растайтын құжат) – 2 балл;

5) мәлімделген өнімге ғылыми-технологиялық бастаманы растау (өтінімдегі әрбір лот үшін қолданылады):

дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар үшін технологиялар трансфері (қаржылық және коммерциялық бөлікті қоспағанда, технологиялар трансфері туралы шарт) – 2 балл; немесе

дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың меншікті әзірлемелері (дәрілік заттар үшін меншікті фармацевтикалық әзірлемелерді растайтын құжат және медициналық бұйымдар үшін патент) – 3 балл;

б) ғылыми-зерттеу институттарымен (Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары), зертханалармен, «Ғылым қоры» акционерлік қоғамымен бірлескен әзірлемелерді және (немесе) әлеуетті өнім беруші үшін кадрлар даярлауға арналған келісімнің және (немесе) меморандумның болуы (өтінім үшін қолданылады) – 1 балл.

7) жергілікті қамту үлесі:

Қазақстан Республикасының аумағында дайындалған өнімнен толығымен өндірілген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісі – 3 балл;

Қазақстан Республикасының аумағында дайындалған өнімнен ішінара өндірілген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісі – 1 балл.»;

302-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«302. Дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар өндірісін жаңғыртуға ниеті бар әлеуетті өнім берушілердің өтініміне мынадай бағалау өлшемшарттары (балдық жүйе) қолданылады:

1) инвестициялық жобаның іске асырылуын толық жабатын қаржы қаражатының бар-жоғын растау (әрбір техникалық-экономикалық негіздеме және (немесе) бизнес-жоспар үшін қолданылады):

инвестициялық жобаның іске асырылуын толық жабатын өзінің қаржы қаражаты (әлеуетті өнім берушінің шотында тиісті қаржы қаражатының бар-жоғы туралы банктің анықтамасы, актілермен және/немесе қаржы құжаттарымен расталған мүлікті сатып алу-сату шарты) – 2 балл; немесе

инвестициялық жобаның іске асырылуын толық жабатын тартылатын қаржы қаражаты (қарыз берушінің осындай қаражатының бар екенін растайтын құжаттармен қоса, қаржы қаражатын қарызға алу шарты, кредиттік лимит беру туралы шарт) – 1 балл;

2) әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының аумағындағы бес жылдан астам фармацевтикалық өндіріс тәжірибесі (дәрілік заттар немесе медициналық бұйымдар өндірісіне рұқсат беретін лицензия немесе құжат) (өтінім үшін қолданылады) – 1 балл;

3) белгіленген тәртіппен берілген қолданыстағы индустриялық сертификаттың болуы (өтінім үшін қолданылады) – 0,5 балл;

4) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген тіркеу куәлігінің болуы (өтінім үшін қолданылады) – 1 балл;

5) дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың экспортына келісімшарттардың болуы (өтінім үшін қолданылады) – 1 балл;

б) мәлімделген өнімге ғылыми-технологиялық бастаманы растау (өтінімдегі әрбір лот үшін қолданылады):

дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар үшін технологиялар трансфері (қаржылық және коммерциялық бөлікті қоспағанда, технологиялар трансфері туралы шарт) – 2 балл; немесе

дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың меншікті әзірлемелері (дәрілік заттарға меншікті әзірлемелерді растайтын құжат және медициналық бұйымдарға патент) – 3 балл;

7) ғылыми-зерттеу институттарымен (Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары), зертханалармен, «Ғылым қоры» акционерлік қоғамымен бірлескен әзірлемелерге және (немесе) әлеуетті өнім беруші үшін кадрлар даярлауға арналған келісімнің және (немесе) меморандумның болуы (өтінім үшін қолданылады) – 1 балл.

8) жергілікті қамту үлесі:

Қазақстан Республикасының аумағында дайындалған өнімнен толығымен өндірілген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісі – 3 балл;

Қазақстан Республикасының аумағында дайындалған өнімнен ішінара өндірілген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісі – 1 балл.»;

мынадай мазмұндағы 322-1, 322-2 және 322-3-тармақтармен толықтырылсын:

«322-1. Есепті кезеңнен кейінгі оныншы күннен кешіктірмей өнім беруші веб-порталда растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 21-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін инвестициялық жобаның іске асырылу барысы және өнімді тіркеу процесі туралы жартыжылдық есепті бірыңғай дистрибьюторға ұсынады.

322-2. Өнім беруші есепті кезеңнен кейінгі оныншы күннен кешіктірмей веб-порталда осы Қағидаларға 21-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірушінің өндірістік қуаттылықтарының көрсеткіштерін және оның негізгі сипаттамаларын көрсететін ақпаратты толтырады.

322-3. Бірыңғай дистрибьютор ұзақ мерзімді шарттардан автоматты түрде қалыптастырылған деректерді ескере отырып, өнім берудің ұзақ мерзімді шарттары бойынша дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың электрондық тізбесін тұрақты негізде сүйемелдейді (ұзақ мерзімді шарт бойынша позициялар, әрбір позиция бойынша ұзақ мерзімді шарттың қолданылу мерзімі, өнім беруден бас тарту, ұзақ мерзімді шартты толық немесе ішінара бұзу, тіркеу куәлігіне сәйкес техникалық сипаттамадағы өзгеріс).»;

328-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«328. Бірыңғай дистрибьютордың дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шартына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тіркеу куәлігіне сәйкес дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың техникалық сипаттамасы бөлігінде өзгерістер енгізуіне жол беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 3-бөлімнің 12-тарауымен толықтырылсын:

«12-тарау. Лизинг берушінің медициналық техниканы сатып алуы.

1-параграф. Лизинг берушінің медициналық техниканы тендер өткізу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

445-1. Қаржы лизингі шарттарында денсаулық сақтау субъектілеріне одан әрі беру үшін лизинг берушінің тартылған және (немесе) өз ақшасы есебінен сатып алынатын медициналық техника үшін лизинг беруші осы тарауға және немесе осы Қағидалардың 3-бөлімінің 1-тарауына сәйкес тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

445-2. Денсаулық сақтау субъектілері бірыңғай дистрибьютордың тізбесіне кіретін немесе кірмейтін медициналық техниканы қаржы лизингі шарттарында сатып алу үшін лизинг берушіге өтінім береді.

Өтінімде ұйымдық сараптама жүргізу үшін лизинг беруші айқындайтын құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттар, сондай-ақ «Медициналық бұйымдардың оңтайлы техникалық сипаттамалары мен клиникалық-техникалық негіздемесіне сараптамалық бағалауды жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № ҚР ДСМ-1 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22040 болып тіркелген) сәйкес сараптама ұйымы берген оңтайлы

техникалық сипаттамаларды және клиникалық-техникалық негіздемені сараптамалық бағалау қорытындылары қамтылады.

Өтінімдегі мәліметтердің дұрыстығы тапсырыс берушілерге (өтінім берушілерге) жүктеледі.

445-3. Лизинг беруші оңтайлы техникалық сипаттамаларды, клиникалық-техникалық негіздемені бағалау жөніндегі сараптама ұйымының нәтижелері болған кезде денсаулық сақтау субъектісінен өтінім келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде ұйымдастыру сараптамасын жүргізеді.

445-4. Лизинг беруші ұйымдық сараптама жүргізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде сатып алуға жоспарланатын медициналық техниканың тізбесін жасайды және жеткізілім атауы, құны, саны, мерзімі және орны бөлігінде лизинг төлемдерді өтеу көзіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органды және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органын хабардар етеді.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органы Қағидалардың осы тармағында көзделген хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ескертулер бар болған кезде жібереді.

445-5. Лизинг беруші сатып алуды осы тарауға және (немесе) осы Қағидалардың 3-бөлімінің 1-тарауына сәйкес ұйымдастырады. Хабарландыруда тізбесі, саны, мерзімі, өнім беру шарттары мен орны, сатып алу үшін бөлінген баға мен сома, ақы төлеу шарттары, медициналық техника шығарылған жердің атаулары, үлгілері, атаулары және өндірушінің атауы көрсетілген техникалық сипаттамалар (техникалық ерекшеліктер) көрсетілген сатып алынатын медициналық техниканың тізімі көрсетіледі.

Бірыңғай дистрибьютордың тізбесіне кіретін қаржы лизингі шартында медициналық техниканы сатып алу кезінде лизинг беруші осы Қағидалардың 445-4-тармағында көрсетілген хабарлама рәсімінен кейін жиырма жұмыс күні ішінде лизинг беруші айқындайтын нысан бойынша денсаулық сақтау субъектілерімен және отандық тауар өндіруші болып табылатын өнім берушімен қаржы лизингі шартын жасасады.

445-6. Лизинг беруші тендерлерді осы тараудың немесе осы Қағидалардың 3-бөлімінің 1-тарауының нормаларына сәйкес өткізеді.

Тендер өткізу тәсілімен медициналық техниканы сатып алу туралы лизинг беруші тендерлік өтінімдерді қабылдау аяқталатын күннен кемінде күнтізбелік 20 (жиырма) күн бұрын, қайталама тендер кезінде кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын лизинг берушінің интернет-ресурсында хабарландыру орналастыру жолымен әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді.

445-7. Тендер өткізу тәсілімен медициналық техниканы сатып алуды өткізу туралы хабарландыру лизинг берушінің интернет-ресурсында орналастырылады және мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) лизинг берушінің атауы және мекенжайы;
- 2) сатып алынатын медициналық техниканың тізбесі, саны, мерзімі, жеткізу шарттары мен орны, сатып алу үшін бөлінген баға мен соманы, ақы төлеу шарттары, медициналық техниканың шыққан жерінің атаулары, үлгілері, атаулары және өндірушінің атауы көрсетіле отырып, техникалық сипаттамалары (техникалық ерекшеліктері) қамтылатын тізім;
- 3) тендерлік құжаттаманы беру тәртібі мен көзі;
- 4) құжаттарды ұсыну (қабылдау) орны және тендерлік өтінімдерді соңғы беру соңғы мерзімі;
- 5) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күні, уақыты мен орны.

445-8. Тендер өткізу үшін лизинг беруші тендерлік комиссия құрады. Әрбір тендерге бөлек комиссия құрамы бекітіледі.

445-9. Тендерлік комиссияның құрамына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның, оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының және лизинг берушінің тақ санды кемінде үш адамнан тұратын жұмыскерлері енгізілуі мүмкін.

445-10. Тендерлік комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап жұмыс істейді және өз қызметін қаржы лизингі шарты жасалған не тендер өткізілмеген деп танылған күні не қаржы лизингі шарты жасалғанға дейін сатып алу өткізу кезінде бұзушылық анықталған жағдайда қорытындыларының күші жойылғанда тоқтатады.

445-11. Тендерлік комиссияның төрағасы болып лизинг берушінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам айқындалады.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын комиссия төрағасының орынбасары жүзеге асырады.

445-12. Лизинг беруші басшысының бұйрығымен лизинг беруші жұмыскерлерінің қатарынан тендерлік комиссия хатшысы тағайындалады, ол комиссия құрамына кірмейді және дауыс беру құқығы болмайды.

445-13. Тендерлік комиссия хатшысы әлеуетті өнім берушілерге тендерлік құжаттаманы ұсынады, олардан тендерлік өтінімдер салынған конверттерді қабылдайды, тендерлік комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен материалдарды дайындайды, тендерлік комиссия отырысының хаттамасын жасайды, тендерлік өтінімдерді тіркеу журналын жүргізеді, онда оларды ұсыну күні мен уақыты, тендерлік өтінім салынған конвертті ұсынған адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі. Журнал тігіледі, беттер нөмірленеді, соңғы беті лизинг берушінің уәкілетті адамының қолтаңбасымен куәландырылады.

445-14. Лизинг беруші қажет болған кезде арнайы білімді және (немесе) техникалық білімді талап ететін мәселелер бойынша бейінді мамандықтардан сарапшыны немесе сарапшыларды тартады.

445-15. Мыналар:

1) сатып алу рәсімдерінің нәтижесіне мүдделі (лизинг берушінің, әлеуетті өнім берушінің өкілдері);

2) тендерлік комиссия мүшелерінің жақын туысы, жұбайы (зайыбы) немесе туысы болып табылатын адам сарапшы болмайды.

445-16. Сарапшы комиссия шешім қабылдағанға дейін әлеуетті өнім берушілер ұсынып отырған медициналық техниканы тендерлік құжаттаманың шарттарына сәйкестігіне медициналық техниканың техникалық ерекшелігі (сипаттамасы) бойынша сараптамалық қорытынды береді.

445-17. Сарапшы тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге қатыспайды.

Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, сарапшы қол қояды және комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

445-18. Сараптамалық қорытындыны комиссия тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстырып тексеру, жеңімпазды айқындау кезінде қарайды.

Сараптамалық қорытынды ұсынымдық сипатта болады.

Тендерлік комиссияның мүшесі сараптамалық қорытындымен келіспеген жағдайда оны назарға алмайды.

445-19. Тендерлік комиссия отырысы оның жалпы санынан кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі. Тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер қатысып отырған комиссия мүшелерінің жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болса тендерлік комиссия төрағасы, ал ол болмаған кезде тендерлік комиссия төрағасының орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

445-20. Тендерлік комиссияның қандай да бір мүшесі болмаған кезде отырыс хаттамасында оның болмау себебі және осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме көрсетіледі.

445-21. Егер тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысы кворумның болмауы себебінен белгіленген күні және уақытта өткізілмесе, тендерлік комиссияның хатшысы тендерге ұсынылған тендерлік өтінімдер салынған конверттердің сақталуын қамтамасыз етеді және тендерлік комиссияның өткізілмеген отырысы күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде белгіленетін конверттерді ашудың жаңа күні мен уақыты туралы хабарлайды. Бұл ретте қайта берілген тендерлік өтінімдер салынған конверттер қабылданбайды.

445-22. Егер белгіленген уақытта тендерлік комиссия мүшелерінің қажетті саны қамтамасыз етілмесе, онда лизинг беруші тендерлік комиссияның өткізілмеген отырысы күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде тендерлік комиссия құрамына өзгерістер енгізеді.

445-23. Тендерлік комиссия отырысының хаттамасына оның барлық мүшелері, тендерлік комиссия төрағасы, оның орынбасары мен комиссия хатшысы қол қояды және әрбір параққа қол қойылады.

445-24. Лизинг беруші осы Қағидаларға сәйкес медициналық техниканы сатып алуға арналған тендерлік құжаттаманы бекітеді, ол оның интернет-ресурсына орналастырылады және:

- 1) әлеуетті өнім беруші өзінің осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көзделген шарттарға және сатып алынатын медициналық техниканың осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкестігін растау үшін ұсынуға тиіс тендерлік құжаттаманың құрамынан, құжаттар тізбесінен;
- 2) медициналық техниканың техникалық ерекшеліктерінен;
- 3) сатып алынатын медициналық техниканың көлемінен және әрбір лот бойынша оларды сатып алу үшін бөлінген сомадан;
- 4) медициналық техниканы жеткізу орнынан, мерзімі мен басқа да шарттарынан;
- 5) төлем шарттарынан және медициналық техниканы сатып алу қаржы лизингі шартының жобасынан;
- 6) тендерлік өтінімнің, қаржы лизингі шартының тіліне қойылатын талаптардан;
- 7) тендерлік өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптардан;
- 8) тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізу нысаны мен мерзімдерінен;
- 9) тендерлік өтінімді кері қайтарып алу мүмкіндігі мен тәртібіне нұсқаудан;
- 10) тендерлік өтінімдерді қабылдау орны мен соңғы мерзімі және олардың қолданылу мерзімінен;
- 11) әлеуетті өнім берушілердің тендерлік құжаттаманың мазмұны, қажет болған кезде олармен кездесу өткізу тәртібі бойынша түсініктеме алу үшін жүгіну нысандарынан;
- 12) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу орны, күні, уақыты мен рәсімінен;
- 13) тендерлік өтінімдерді қарау рәсімінен;
- 14) әлеуетті өнім берушілерге–отандық тауар өндірушілерге осы Қағидаларда айқындалған қолдау көрсету шарттарынан;

15) қаржы лизингі шартын кепілдікті қамтамасыз етуді енгізу шарттары, нысаны, көлемі мен тәсілінен тұрады.

445-25. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде лизинг берушіге тендерлік құжаттама бойынша түсініктеме беруге жүгінеді, оларға лизинг беруші сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау салу авторын көрсетпей түсініктеме береді, ол сұрату келіп түскен күнде тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберіледі.

445-26. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей лизинг беруші өз бастамасымен немесе әлеуетті өнім берушілердің сұратуына жауап ретінде тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізеді, бұл туралы тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттаманы алған барлық әлеуетті өнім берушілерге дереу хабарланады.

Бұл ретте тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік 5 (бес) күнге ұзартылады.

445-27. Лизинг беруші тендерлік құжаттамада айқындалған жерде және уақытта тендер шарттарын түсіндіру үшін әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізеді, бұл туралы кездесудің барысы және мазмұны туралы мәліметтер қамтылатын хаттама жасалады, ол тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберіледі.

2-параграф. Тендерлік өтінімдердің қолданылу мерзімі, мазмұны, оларды ұсыну және кері қайтарып алу

445-28. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес жасалған тендерлік өтінімді жабық күйінде лизинг берушіге ұсынады.

445-29. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түскен тендерлік өтінім ашылмайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

445-30. Тендерлік өтінім негізгі бөліктен, техникалық бөліктен және кепілдікті қамтамасыз етуден тұрады.

445-31. Тендерлік өтінімнің негізгі бөлігі:

1) осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тендерге қатысуға өтінімнен (электрондық жеткізгіште өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізімдемесі ұсынылады);

2) заңды тұлға үшін жарғы көшірмесінен (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылар немесе акционерлер құрамы көрсетілмесе, құрылтайшылар, қатысушылар құрамы туралы үзінді немесе құрылтай шартының көшірмесі немесе хабарландыру күнінен кейінгі қолданыстағы акция ұстаушылардың тізілімінен үзінді ұсынылады);

3) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесінен;

4) медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыруға арналған тиісті лицензия көшірмелерін не «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға сәйкес электрондық құжат түрінде алынған көшірмелерін, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған кезде әлеуетті өнім беруші «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға сәйкес алынған әлеуетті өнім беруші фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге тиісті лицензияның және (немесе) медициналық бұйымдарды көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырған көшірмесін, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәуле шығаратын медициналық техниканы сатып алған жағдайда әлеуетті өнім беруші оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжатты не атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсетуге арналған тиісті лицензияның нотариат куәландырған көшірмесінен;

5) осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баға ұсынысынан;

6) тиісті мемлекеттік кіріс органының бюджетке берешегінің жоқтығын растайтын, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік

медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен ерте емес мерзімде берілген мәліметтерден тұрады.

445-32. Тендерлік өтінімнің техникалық бөлігі:

1) осы Қағидаларға 15-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген медициналық техниканың нақты техникалық сипаттамалары көрсетілген қағаз жеткізгіштегі техникалық ерекшеліктерден (сондай-ақ «docx» форматындағы электрондық жеткізгіште);

2) медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың не медициналық техниканы Қазақстан Республикасына әкелуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның рұқсатының (қорытындысының) көшірмесінен тұрады.

Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және өндірілген медициналық техникаға: оларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы әкелінгенін, оларды әлеуетті өнім берушінің кіріске алғанын растайтын құжаттың көшірмелері; отандық тауар өндірушінің өндіруі, «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және «Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-237 /2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21749 болып тіркелген) сәйкес берілген қауіпсіздік туралы қорытынды ұсынылады.

445-33. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтініммен бірге медициналық техниканы сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.

445-34. Тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету):

1) лизинг берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

2) осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк кепілдігі түрінде ұсынылады.

445-35. Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім беруші оны кері қайтарып алған;

2) тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес келмеу негіздемесі бойынша тендерлік өтінім қабылданбаған;

3) басқа әлеуетті өнім беруші тендер жеңімпазы деп танылған;

4) сатып алу рәсімі тендер жеңімпазын айқындамай тоқтатылған;

5) қаржы лизингі шарты күшіне енген және тендер жеңімпазы қаржы лизингі шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді енгізген жағдайда қайтарылады.

445-36. Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге, егер:

1) ол тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) тендер жеңімпазы деп танылғаннан кейін жеңімпаз қаржы лизингі шартын жасаудан жалтарса;

3) жеңімпаз деп танылса және қаржы лизингі шартын кепілдікті қамтамасыз етуді енгізбесе не уақтылы енгізбесе, қайтарылмайды.

445-37. Әлеуетті өнім беруші өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін оны жазбаша нысанда кері қайтарып алады.

Тендерлік өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

445-38. Тендерлік өтінім басылып шығарылады не өшірілмейтін сиямен жазылады, тігілген және нөмірленген түрде ұсынылады, соңғы беті әлеуетті өнім беруші өкілінің қолтаңбасымен бекітіледі.

Грамматикалық немесе арифметикалық қатені түзету қажет болған жағдайды қоспағанда, тендерлік өтінімнің мәтініне жолдар арасына қосымша жазулар жазуға, сөздерді өшіруге немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Техникалық ерекшелік тігілген және нөмірленген түрде ұсынылады, соңғы беті әлеуетті өнім беруші өкілінің қолтаңбасымен бекітіледі.

Тендерлік өтінімнің техникалық ерекшелігі және сатып алуды кепілдікті қамтамасыз етудің түпнұсқасы тендерлік өтінімге бөлек қоса беріледі және тендерлік өтініммен бір конвертке салынып жабылады.

Конвертте әлеуетті өнім берушінің атауы мен заңды мекенжайы жазылады, ол тендерлік құжаттамада көрсетілген мекенжай бойынша лизинг берушіге жіберілуге тиіс және «_____ (тендердің атауы көрсетіледі) сатып алу жөніндегі тендер» және «_____ (тендерлік құжаттамада көрсетілген конверттерді ашу күні мен уақыты көрсетіледі) дейін ашпаңыз» деген сөздер жазылады.».

3-параграф. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу

445-39. Тендерлік өтінімдерді қабылдауды аяқтау мен тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашудың басталуы арасындағы уақыттың ұзақтығы 2 (екі) сағаттан аспайды.

445-40. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді тендерлік комиссия тендерлік құжаттамада айқындалған уақытта және орында аудио және видео тіркеуді қолданып ашады.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері қатыса алады.

Тендерлік комиссия хатшысы конверттерді ашып, тендерлік өтінімдер келіп түскен әлеуетті өнім берушілердің атауы мен мекенжайын, әрбір лот бойынша мәлімделген бағаны, жеткізу мен ақы төлеу шарттарын, тендерлік өтінімдерді кері қайтарып алу тәртібін, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттар туралы ақпаратты хабарлайды және осы мәліметтерді конверттерді ашу хаттамасына енгізеді.

4-параграф. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру

445-41. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерді бағалау мен салыстыруды жүзеге асырады.

Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсіміне қатыстылығы бөлігінде осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігін нақтылау мақсатында тендерлік комиссия банкроттық не тарату рәсімінің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған ақпаратты қарайды.

445-42. Тендерлік комиссия:

1) осы Қағидалардың шарттарына сәйкес тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету ұсынылмаған;

2) жарғы көшірмесі немесе құрылтайшылар, қатысушылар құрамы туралы үзінді немесе акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайда құрылтай шартының көшірмесі ұсынылмаған;

3) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға үшін) құжаттың көшірмесі ұсынылмаған;

4) медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыруға арналған тиісті лицензия көшірмелерін не «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға сәйкес электрондық құжат түрінде алынған көшірмелерін, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған кезде әлеуетті өнім беруші «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға сәйкес алынған әлеуетті өнім беруші фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге тиісті лицензияның және (немесе) медициналық бұйымдарды көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырған көшірмесін, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәуле шығаратын медициналық техниканы сатып алған жағдайда әлеуетті өнім беруші оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжатты не атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсетуге арналған тиісті лицензияның нотариат куәландырған көшірмесі ұсынылмаған;

5) тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде бюджетке берешегі, міндетті зейнетақы жарнасы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешек (олар бойынша төлем мерзімдері өзгертілген, берешектің жалпы сомасында көрсетілмеген соманы қоспағанда) туралы ақпарат болған;

6) осы Қағидаларда көзделген шарттарға сәйкес техникалық ерекшелік ұсынылмаған;

7) әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттаманың және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынған;

8) осы Қағидалар шеңберінде сатып алынатын медициналық техникаға осы Қағидаларда көзделген шарттар бойынша дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі анықталған;

9) банкроттық не тарату рәсіміне қатыстылығы болған;

10) ұсынылған медициналық техниканың осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынылмаған;

11) егер мәлімделген медициналық техниканың техникалық сипаттамасы ұсынылатын медициналық техникаға тіркеу куәліктерінде көрсетілген техникалық сипаттамаға және (немесе) жинағына және (немесе) ұсынылатын медициналық техниканың тіркеу куәліктерінің нөмірлері бойынша сараптама ұйымының интернет-ресурсында орналастырылған Қазақстан Республикасының дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінде көрсетілген деректерге сәйкес келмеген;

12) осы Қағидалардың 10-тармағының шарттарына сәйкес келмеген;

13) осы Қағидалардың 15-тармағында белгіленген талаптарға;

14) баға ұсынысы ұсынылмаған не баға ұсынысы осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысанда ұсынылмаған;

15) әлеуетті өнім беруші медициналық техника бағасын тиісті лот бойынша сатып алу үшін бөлінген бағасынан жоғары ұсынған;

16) тендерлік өтінім тігілмеген түрде, беттері нөмірленбей, қолтаңбамен бекітілмей, конвертте әлеуетті өнім берушінің, лизинг берушінің атауы немесе заңды мекенжайы көрсетілмей ұсынылған;

17) әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көзделген шарттарға сәйкес келмеген;

18) осы Қағидалардың шарттарын бұзып үлестес болу фактісі анықталған жағдайда тендерлік өтінімді тұтастай немесе лот бойынша қабылдамайды.

445-43. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты өткен жоқ деп танылса, лизинг беруші қайта тендер өткізеді.

445-44. Тендер тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты мынадай негіздемелердің бірі бойынша:

- 1) тендерлік өтінімдер болмаса;
- 2) әлеуетті өнім берушілердің барлық тендерлік өтінімдері қабылданбаса, өткізілмеді деп танылады.

445-45. Тендер жеңімпазы тендерлік өтінімдері тендерлік комиссия ең төмен баға ұсынысы негізінде хабарландыру шарттарына және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес деп танылған әлеуетті өнім берушілер арасынан айқындалады.

Лот бойынша бәсекелес болмаған немесе лот бойынша бәсекелестің тендерлік өтінімдері қабылданбаған кезде тендерлік өтінімін тендерлік комиссия хабарландыру шарттары мен осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келетін жалғыз өтінім деп таныған әлеуетті өнім беруші тендер жеңімпазы болып танылады.

5-параграф. Тендердің қорытындысын шығару

445-46. Тендер қорытындысы тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде шығарылады, ол туралы хаттама жасалады, оған:

- 1) медициналық техниканың атауы;
- 2) сатып алу сомасы;
- 3) тендерлік өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атауы, орналасқан жері және біліктілік деректері;
- 4) тендерлік құжаттамаға сәйкес әрбір тендерлік өтінімнің бағасы және шарттары;
- 5) бағалауды жазу және тендерлік өтінімдерді салыстыру;
- 6) тендерлік өтінімдерді қабылдамау негіздемесі;
- 7) саудалық атауын көрсетіп, тендердің әрбір лоты бойынша жеңімпаз(дар)дың атауы мен орналасқан жері және олар бойынша жеңімпаз айқындалған талаптар;

8) саудалық атауын көрсетіп, әрбір тендер лотының ұсынысы жеңімпаз ұсынысынан кейінгі екінші болып табылатын қатысушының атауы мен орналасқан жері;

9) егер тендер жеңімпазы айқындалмаса, негіздемесі;

10) қаржы лизингі шарты жасалуға тиіс мерзім;

11) сарапшыны (ларды) тарту туралы ақпарат енгізіледі.

445-47. Тендер қорытындысы шығарылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде лизинг беруші тендерге қатысқан әлеуетті өнім берушілерге лизинг берушінің интернет-ресурсына қорытынды хаттамасын орналастыру арқылы тендердің нәтижесі туралы хабарлайды.

445-48. Тендердің қорытындысы туралы хаттама лизинг берушінің интернет-ресурсына орналастырылады.

445-49. Лизинг беруші сатып алу қорытындылары шығарылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде лизинг беруші айқындайтын нысан бойынша денсаулық сақтау субъектілерімен және медициналық техниканың жеңімпазымен қаржы лизингі шартын жасасады.

445-50. Қаржы лизингі шарты жасалғаннан кейін өнім беруші денсаулық сақтау субъектісіне лизинг нысанасын ұсынады, осы шартта көзделген тәртіппен және талаптарда іске қосу мен жөндеу жұмыстары, персоналды оқытуды және медициналық техникаға кепілдікті сервистік қызмет көрсетуді жүргізеді. Бұл ретте медициналық техникаға кепілдікті сервистік қызмет көрсету медициналық техника пайдалануға берілген күннен бастап қаржы лизингі шартының қолданыста болу мерзіміне қолданылады.

6-параграф. Қаржы лизингі шартын кепілдікті қамтамасыз ету

445-51. Қаржы лизингі шартының кепілдікті қамтамасыз етуді (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету) енгізу мазмұнын, нысаны мен талаптарын осы Қағидалардың ережелеріне лизинг беруші сәйкес сатып алу кезінде айқындайды және қаржы лизингі шартының тендерлік құжаттамасына енгізілуге тиіс.

445-52. Кепілдікті қамтамасыз ету қаржы лизингі шартының бағасының үш пайызын құрайды және:

1) лизинг берушіге қызмет көрсетілетін банкте орналастырылатын ақшалай қаражат түріндегі кепілдік жарна;

2) осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк кепілдігі түрде ұсынылады.

Ақшалай қаражатты кепілдік жарна түріндегі кепілдікті қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші лизинг берушінің тиісті шотына енгізеді.

445-53. Қаржы лизингі шартының орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді өнім беруші, егер басқаны көздемесе, шарт күшіне енген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

445-54. Қаржы лизингі шарты бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын өнім берушінің іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

445-55. Қаржы лизингі шартының орындалуын кепілдікті қамтамасыз ету өнім беруші осы шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаннан кейін өнім берушіге оның жазбаша өтініші бойынша қайтарылады.

445-56. Қаржы лизингі шартының орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді лизинг беруші өнім берушіге:

1) өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты қаржы лизингі шарты бұзылған;

2) қаржы лизингі шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған (беру мерзімінің бұзылуы және шарттың басқа да талаптарының бұзылуы);

3) қаржы лизингі шартында көзделген талаптарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкциясын төлемеген кезде қайтармайды.»;

452-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«452. Бірыңғай оператор веб-порталды дамытуды, сүйемелдеуді және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, веб-порталда орналастырылған субъектілердің электрондық ақпараттық ресурстарын

сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, веб-порталдың жұмыс істеу мәселелері бойынша пайдаланушыларға өтеусіз негізде консультациялық көмек көрсетеді, мемлекеттік мекемелер меншік нысанын қоспағанда, пайдаланушыларға веб-порталды пайдалану (қолжетімділік) бойынша ақылы негізде қызметтер көрсетеді.

Веб-порталды пайдаланушылардың пайдалану (қолжетімділік) бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасын бірыңғай оператор белгілейді, ол бірыңғай оператордың өкілеттіктерін жүзеге асыруға жұмсаған бірыңғай оператордың шығындарын толық өтеуді қамтамасыз етеді.»;

мынадай мазмұндағы 453-тармақпен толықтырылсын:

«453. Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сатып алу мониторингі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, жалпылау, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сатып алу мониторингін уәкілетті орган веб-портал арқылы және ондағы ақпарат негізінде жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 454-тармақпен толықтырылсын:

«454. Медициналық бұйымдарды сатып алу инвестициялар туралы келісімді іске асыру шеңберінде жасалған инвестициялар туралы келісімнің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.»;

осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 1-1, 2-1 және 3-1-қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес 10-1-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес 15-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 21-қосымшада:

16 тармақ алып тасталсын;

20-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталсын;

осы бұйрыққа 8 және 9-қосымшаларға сәйкес 21-1 және 21-2-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмек саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2024 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 112 Бұйрыққа 1-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына
1-1-қосымша

Нысан

(Кімге) _____
(лизинг берушінің атауы)

Тендерге қатысуға өтінім

_____ (әлеуетті өнім берушінің атауы),

тендер өткізу жөніндегі хабарландыруды/ тендерлік құжаттаманы қарап, №

_____ (тендердің атауы)

осымен алуды куәландыратын (егер тендерлік құжаттама алынса, көрсетіледі), осы өтініммен мынадай лоттар бойынша хабарландыру шарттарына/тендерлік құжаттамаға сәйкес медициналық техниканы беруді:

1) _____ (лот нөмірі)

_____ (лоттың атауы)

2) _____ (лот нөмірі)

(лоттың атауы)

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнаулы емдік өнімдерді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) шарттарына сәйкес жүзеге асыруға келісімін білдіреді.

Әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларда көзделген шарттармен танысқанын және конкурстық комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, медициналық техниканы берудің сапалық және өзге де сипаттамалары туралы дәйексіз мәліметтер бергені үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулер жөніндегі жауапкершілік туралы хабардар етілгенін растайды.

Әлеуетті өнім беруші осы өтінімдегі мәліметтердің және оған қоса берілетін құжаттардың дұрыстығын растайды:

Р/с №	Құжат атауы	Парақтар саны
-------	-------------	---------------

Осы өтінім тендердің қорытындылары шығарылғанға дейін жарамды.

Тендерлік өтінімге _____ (әлеуетті өнім берушінің атауы) атынан және тапсырмасы бойынша қол қоюға өкілеттігі бар адамның лауазымы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы

Мөрі (бар болған жағдайда)	«__» _____ 20__ ж.
----------------------------	--------------------

Бұйрыққа 2-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына
2-1-қосымша

Нысан

Медициналық техниканы беруге әлеуетті өнім берушінің**(әлеуетті өнім берушінің атауы)
баға ұсынысы**

Тендер № _____ Лот № _____

Р /с №	Дәрілік затты/медициналық бұйымды беруге баға ұсынысының мазмұны	Мазмұны (әлеуетті өнім беруші толтыру үшін)
1	Медициналық техниканың атауы	
2	Сипаттамасы	Техникалық ерекшелікке сәйкес
3	Өлшем бірлігі	
4	Тіркеу куәлігінің (куәліктердің)/біржолғы әкелуге рұқсаттың №	
5	Медициналық техниканың саудалық атауы	
6	Тіркеу куәлігі/біржолғы әкелуге рұқсат бойынша өндіруші	
7	Тіркеу куәлігі/біржолғы әкелуге рұқсат бойынша өндіруші елі	
8	Жеткізу пунктіне (пункттеріне) дейін DDP ИНКОТЕРМС 2020 шарттарында теңгемен бірлік бағасы	
9	Өлшем бірлігіндегі саны (көлемі)	
10		

Әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік баждарды, ҚҚС-ты және басқа да салықтарды, төлемдер мен алымдарды төлеуге арналған барлық шығыстарын, басқа да шығыстарды қоса алғанда, жеткізу пунктіне (пункттеріне) дейін DDP ИНКОТЕРМС 2020 беру шарттарымен теңгемен жеткізу сомасы

11 Беру мерзімі

Күні « ___ » _____ 20__ ж.

Лауазымы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____

Қолы _____

Мөр (бар болған жағдайда)

Бұйрыққа 3-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына
3-1-қосымша

Нысан

Кімге:

(лизинг берушінің атауы
мен деректемелері)

Шығ. № _____

Күні _____

Банк кепілдігі (тендерлік өтінімді қамтамасыз ету түрі)

Банктің атауы (банк филиалы)

(банктің атауы, БСН және басқа деректемелері)

Кепілдікті қамтамасыз ету № _____

«__» _____ 20__ жыл

Банк (банк филиалы) _____

(атауы) (бұдан әрі – Банк)

(атауы) бұдан әрі «Әлеуетті өнім беруші»

(лизинг берушінің атауы)

жарияланған (хабарландырудың күні, айы, жылы)

сатып алу бойынша тендерге қатысатыны және жалпы сомасы _____
(жазумен) теңгеге, оның ішінде (бірнеше лот бойынша сатып алуға қатысқан
кезде) (тауардың атауы және көлемі) беруді жүзеге асыруға дайын екені хабардар
етілді:

1) № _____ лот бойынша (хабарландырудағы нөмірі) – мынадай мөлшерде
_____ (сомасы санмен және жазумен) теңге;

2) ...

Осыған байланысты Банк _____

(банктің атауы)

лизинг берушінің бірінші талабымен кепілдік қамтамасыз ету сомасын қоса
алғанда,

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару
(пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын
адамдар үшін бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі
шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру
жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнаулы емдік
өнімдерді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру
және өткізу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген негіздер бойынша
төлемге қойылатын талапты алғаннан кейін № _____ лот бойынша
_____ (сомасы санмен және жазумен) теңге, лот № _____ сомаға
_____ (сомасы санмен және жазумен) теңге _____ (сомасы
санмен және жазумен) тең 1 (бір) пайыз мөлшерінде кепілдікті қамтамасыз ету
сомасын төлеуге кері қайтарылмайтын міндеттемені өзіне алады.

Осы кепілдік Әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімін ашқан сәттен бастап
күшіне енеді және Қағидаларға сәйкес мәні бойынша шешім қабылданғанға дейін,

ал Әлеуетті өнім беруші сатып алу жеңімпазы деп танылған жағдайда, ол жасалған шарт бойынша тиісті кепілдікті қамтамасыз етуді ұсынғанға дейін қолданылады.

Лауазымы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____

Банк мөрі

Бұйрыққа 4-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына
5-қосымша

Тауарды сатып алу үлгі шарты (тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында)

_____ ж.
(орналасқан жері)

«__» _____ ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын _____ (тапсырыс берушінің толық атауы) _____ атынан уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын _____ (өнім беруші – тендер жеңіпазының толық атауы) _____ атынан уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ (жарғының, ереженің) негізінде әрекет ететін екінші тараптан, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар), № _____ «__» _____ жылы (сатып алу затын көрсету) сатып алу бойынша _____ тәсілмен (тәсілін көрсету) сатып алу қорытындылары

туралы хаттаманың негізінде № 1 қосымшаның тізбесіне сәйкес осы Дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алу шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісті:

1-тарау. Шартта қолданылатын терминдер

1. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдарға мынадай түсінік беріледі:

1) Өнім беруші – Тапсырыс берушімен жасалған сатып алу туралы Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін және Шарт талаптарында көрсетілген тауарларды беруді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

2) Тапсырыс беруші – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, медициналық қызметтер көрсететін әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер, ведомстволық бөлімшелер (ұйымдар), сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілері;

3) тауарлар – Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес беруі тиіс дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар және ілеспе көрсетілетін қызметтер;

4) Шарт – Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің арасында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, Тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ Шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

5) Шарттың бағасы – Тапсырыс берушінің Өнім берушіге Шарт талаптарына сәйкес төлеуі тиіс сома;

6) ілеспе көрсетілетін қызметтер – тасымалдау және сақтандыру сияқты тауарларды беруді қамтамасыз ететін көрсетілетін қызметтер және Өнім берушінің Шартты орындауға бағытталған басқа да міндеттерін қамтитын, монтаждау, іске қосу, техникалық жәрдем көрсету, оқыту және басқа да қосалқы көрсетілетін қызметтер.

2-тарау. Шарттың мәні

2. Өнім беруші тауарды Шарттың талаптарына сәйкес, осы Шартқа қосымшаларда айқындалған мөлшерде және сапада беруге, ал Тапсырыс беруші оны қабылдауға және Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

3. Төменде санамаланған құжаттар және оларда келісілген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) 1-қосымша «Сатып алынатын тауарларды беру ерекшелігі мен графигі»;
- 3) 2-қосымша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар».
- 4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету (бұл тармақша егер тендерлік құжаттамада немесе Қағидаларда Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделсе көрсетіледі).

3-тарау. Шарттың бағасы және төлемі

4. Шарттың бағасы (ММ үшін бюджеттік бағдарламаға/ерекшелікке сәйкес тауарлардың атауын көрсету) _____ теңгені (соманы цифрмен және жазумен көрсету) құрайды.

Тауардың атауы, сипаттамасы, саны, бірлігінің бағасы, тауарды беру сомасы мен мерзімдері Шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

5. Өнім берушіге берілген тауарлар үшін ақы төлеу мынадай шарттарда жүргізіледі:

Төлем түрі аудару.

Төлеу мерзімі жыл бойында (мысалы: % межелі пунктке тауарды қабылдағаннан кейінгі немесе алдын ала төлем немесе өзгелер).

6. Төлем алдындағы қажетті құжаттар:

1) Өнім беруші ұсынатын және оның өндіруші, ресми дистрибьютор не өндірушінің ресми өкілі мәртебесін растайтын шарттың көшірмесі немесе өзге де құжаттар;

2) шот-фактура, жүкқұжат, қабылдап алу-беру актісі;

3) тауардың нақты түріне тән өзге де құжаттар (медициналық техниканы сатып алу кезінде: сервистік қызмет көрсетуді жүргізу кестесі; егер тауар өлшеу құралы болып табылса, өлшеу құралының бастапқы тексеруден өткені туралы

сертификат; тапсырыс берушінің медициналық және техникалық мамандарын оқытуды растайтын құжаттар).

4-тарау. Тауарды беру және қабылдау шарттары

7. Шарт шеңберінде берілетін тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

8. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың немесе оның қандай да бір ережелерінің, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, модельдердің, үлгілердің немесе ақпараттың мазмұнын ешкімге ашпауға тиіс.

Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада берілуге тиіс.

9. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға тиіс.

10. Өнім беруші тауарларды соңғы межелі пунктіне тасымалдау кезінде олардың бүлінуінен немесе бүлінуінен алдын алатын қаптаманы қамтамасыз етуге тиіс.

Қаптама қандай да бір шектеусіз қарқынды көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде экстремалды температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның, сондай-ақ ашық сақтаудың әсеріне төзуі тиіс.

Қаптама жәшіктердің габариттерін және олардың салмағын айқындау кезінде жеткізудің межелі пунктінің алыстығын және тауарларды алып жүрудің барлық пункттерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың болуын ескеру қажет.

11. Тауардың қаптамасы және таңбалау, сондай-ақ оның ішіндегі және сыртындағы құжаттама Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкес келуі тиіс.

12. Тауарларды беруді Өнім беруші сатып алынатын тауарлар тізбесінде айтылған Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

13. Өнім беруші тауарларды тендерлік құжаттамаға қосымшада көрсетілген межелі пунктке дейін жеткізуге тиіс. Бұл тауарларды межелі пунктке дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және төлем жүргізеді, ал осыған байланысты шығыстар Шарттың бағасына енгізіледі.

5-тарау. Медициналық техниканы беру және қабылдау ерекшеліктері

14. Жеткізілетін медициналық техникаға кепілдікті сервистік қызмет көрсету орнатылғаннан және пайдалануға берілгеннен кейін 37 (отыз жеті) ай ішінде жарамды, осы кезең ішінде кепілдікті сервистік қызмет көрсету құны Шарттың бағасына енгізілген және өзіне регламенттік және жөндеу жұмыстарын, сондай-ақ бұл ретте дайындаушы зауыт өндірген пайдаланылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарды қамтиды. Бұл ретте кепілдікті сервистік қызмет көрсету медициналық техниканың тораптары мен жинақтауыштарының бұзылуы, жөнделуі, ауыстырылуы себебінен тоқтап тұру кезеңіне мөлшерлес мерзімге ұзартылады немесе Тапсырыс берушіге көрсетілген кезеңге Өнім беруші осыған ұқсас жұмыс істейтін медициналық техниканы ұсынады.

15. Осы Шарт шеңберінде Өнім беруші тендерлік құжаттамада көрсетілген қызметтерді ұсынуы тиіс.

16. Ілеспе қызметтердің бағасы Шарттың бағасына кіреді.

17. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Өнім беруші дайындайтын немесе өткізетін қосалқы бөлшектер туралы ақпаратты, атап айтқанда Тапсырыс беруші Өнім берушіден сатып алу үшін таңдай алатын және кепілдік мерзімі өткеннен кейін оларды пайдалана алатын қосалқы бөлшектердің құны мен номенклатурасын ұсынуды талап ете алады.

18. Өнім беруші қосалқы бөлшектерді өндіруді тоқтатқан кезде:

а) Тапсырыс берушіге қажетті мөлшерде қажетті сатып алуды жүргізуге мүмкіндік беру үшін өндірістің алдағы тоқтауы туралы алдын ала хабарлауы;

б) қажет болған жағдайда өндіріс тоқтатылғаннан кейін Тапсырыс берушіге қосалқы бөлшектерге жоспарларды, сызбаларды және техникалық құжаттаманы тегін беруі тиіс.

19. Өнім беруші Шарт шеңберінде берілген тауарлардың:

1) егер шартта өзгеше көзделмесе, конструкциялар мен материалдардың барлық соңғы модификацияларын көрсететін жаңа, пайдаланылмаған, ең жаңа не сериялық модельдер болып табылатынына;

2) Тапсырыс берушінің елі үшін әдеттегі жағдайларда берілген тауарларды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

20. Тапсырыс беруші ұсынған техникалық ерекшелікке қатаң сәйкестікте Өнім беруші дайындаған конструкцияларда, материалдарда ақаулар пайда болса Өнім беруші Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелікте жол берген олқылықтары үшін жауапты болмайды.

21. Бұл кепілдік тауарлардың бүкіл партиясын немесе оның бір бөлігін нақты жағдайға байланысты жеткізгеннен және оларды Шартта көрсетілген соңғы межелі пунктте қабылдағаннан кейін жыл бойы жарамды.

22. Тапсырыс беруші осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы Өнім берушіні жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті.

